



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02
ББК 74.00
П 23

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Доцанова Алма Иргибаетовна, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова, кандидат экономических наук, профессор;

Исмураева Галия Суиндиговна, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, доктор экономических наук, профессор;

Скударева Галина Николаевна, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;

Чекалева Надежда Викторовна, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;

Бектурганова Римма Чингисовна, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Ахметов Тлеген Альмуханович, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынов, кандидат педагогических наук, профессор;

Демисенова Шнар Сапаровна, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;

Утегенова Бибикуль Мазановна, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Смаглий Татьяна Ивановна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова

«Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін енгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022

Военно - патриотическое воспитание студентов в колледже обеспечено также занятиями студентов в кружке «ЖАС ҰЛАН», основной целью которого является формирование гражданственности и патриотизма, создание оптимальных условий для интеллектуального, физического и нравственного развития студентов.

Патриотическое воспитание молодого, подрастающего поколения на сегодняшний день представляется актуальной проблемой. Поскольку очевидно, что подрастающему молодому человеку нужна опора, стержень, духовно-нравственный ориентир, который будет для него неким маяком в его жизни, который позволить ему не сбиться с пути. Патриотическое воспитание – это неотъемлемая составляющая гармонично развитой личности подростка.

В современном мире существует множество трактовок сущности понятия патриотизм, что объясняется связью данного с конкретной социокультурной ситуацией, а также политическими течениями, сформированными в определенный отрезок истории.

В различные исторические эпохи, в зависимости от социально-экономических условий жизни общества и господствующей в нем идеологии перед воспитателями ставились различные задачи, так как воспитание является главным механизмом взаимодействия между поколениями, обеспечивающим интеграцию подрастающих поколений в жизнь социума, становление их активными действующими лицами конкретного исторического процесса.

Патриотическое воспитание студентов может интерпретироваться в узком смысле как деятельность по формированию любви к Родине, изучению культуры, традиций и обычаев своего народа, развитию патриотического сознания и поведения, в широком смысле как целостный процесс духовно-нравственного и социального развития человека, его мировоззрения, духовности, нравственных идеалов, норм поведения на базе приоритетного формирования патриотических качеств. В современных условиях усиление патриотического воспитания студентов выступает важным условием повышения качества образования.

Список литературы:

1. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы- Алматы.: «Ғылым», 2008. - 48 с.
2. Сейсен Н.Б. К вопросу о патриотическом воспитании казахстанцев // «Europeanscience» №2 (12) 2016.– 111 с.
3. Баймурзаева В. Х. Общеказахстанские ценности в условиях политической социализации // Поиск. Серия гуманитарных наук. – Алматы.:2006. № 4. – 69 с.
4. Абдыгалиев Б. Новые приоритеты национальной политики Казахстана // Свободное общество. – Астана.: Март. №1 (1). - 84с.
5. Назарбаев Н.А. Идеиная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана // Стратегия независимости. // Алматы.: 2007. – 144 с.

ӘӘЖ 37.0

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАСТАРДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

Бакбаева Зейнегуль Суйундиқовна

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
Павлодар облысының білім беру басқармасы
Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің
«№18 жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Екібастұз қ., Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада ұлы гуманист Абай Құнанбаевтың адамгершілік тәрбиесі мәселесіне қатысты философиялық-педагогикалық көзқарастары қарастырылады. Оның шығармаларында халық өнерінің дәстүрлері мен қоғам мәселелерін түсіну барынша көрініс тапқан. Жастардың жалынды тәлімгерінің барлық шығармалары халық мүддесіне, адамгершілік мұраттарына, даналығына негізделген моральдық-этикалық тәрбие ретінде танылады.

Негізгі сөздер: философиялық-педагогикалық көзқарастар, адамгершілік тәрбие мәселесі, адамгершілік мұраттар, халық даналығы, моральдық-этикалық тәрбие.

Аннотация

В данной статье рассмотрены философские и педагогические взгляды великого гуманиста Абая Кунанбаева на проблему нравственного воспитания. В его произведениях максимально отражены традиции народного творчества и осмысление проблем общества. Все без исключения произведения

пламенного наставника молодежи признаны нравственно-этическими наизданиями, опирающимися на интересы, нравственные идеалы и мудрость народа.

Ключевые слова: философские и педагогические взгляды, проблема нравственного воспитания, нравственные идеалы, мудрость народа, нравственно-этические наиздания.

Abstract

In this article, the philosophical and pedagogical views of the great humanist Abai Kunanbaev on the problem of moral education are considered. In his works. The traditions of folk art and the understanding of the problems of society are reflected as much as possible. Without exception, all the works of the fiery mentor of youth are recognized as moral and ethical edifications based on the interests, moral ideals and wisdom of the people.

Key words: philosophical and pedagogical views, the problem of moral education, moral ideals, the wisdom of the people, moral and ethical edifications.

Бүгінгі білім бәсекесінің шынар биіктен көрінген шағында, мәңгілік елдің мәртебелі ұрпағын тәрбиелеу ұстаздар үшін маңызды да жауапкершілікті еселей түсетіні айғақ. Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты.

Бұл ретте Абай тағылымы бүгінгі таңда өміршең екендігін көреміз. Қазақ халқының тәуелсіздікке қолы жеткен заманда бүгінгі буын Абайдың шығармаларын мұқият оқып, «тереңіне бет» қойса – Абай таңғажайып тұлға екеніне көзі жетер еді.

Ұлы Абай жас ұрпақтың білім алып, ғылымды игеруіне айрықша мән бергендігі оның өлеңдері мен қара сөздерінде мейлінше байқалады. Өйткені, білім мен ғылым өркениетке бастар алғышарт екендігін ұлы ойшыл жете түсінген, жан-тәнімен терең ұғынған. Білім алу бүгінде әрбір адам баласы үшін міндетті түрде алдынан ашылатын есік болса, оның мектеп атты қасиетті табалдырығын аттау барша жас өскіндер мен өрендердің басынан өтетін жағдай. Білімге деген көңіл бөлу қазірде тәуелсіз елімізде мемлекеттік деңгейге көтерілген басты әрі негізгі мәселе екендігінде ешкімнің күмәні жоқ. Қазірде елімізде интеллектуальдық дүмпу қажет екендігін өмірдің өзі алға тартып отыр. Ал, ендеше, ұлы Абайды толғандырған білім мен ғылым мәселесінен біздер бүгінде нені ұғамыз? «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінде ақын ғылымды жас кезден бастап үйрену, білудің қажеттігіне ерекше назар аударады. Ер жеткен соң бәрі кеш екендігін ұқтырады. Бұл дұрыс та. Жас шыбық секілді иілгіш, бейімделгіш шақта, ғылым да бойға тез даритындығына сендіреді. Қазірде білім берудің сандық және сапалы деңгейі мен түрлері саналуан болған шақта, білімнің қадір-қасиеті мен құдіретін жоғалтып алмауды ұмытпаған жөн. Білім, шын мәнінде, ұлы күш екендігін әрбір жас ерекше сезінгені абзал. Абай заманында да медреседе тек қана діни білімді беріп қоймай, жаратылыстану пәндерін де өте бастаған кез еді. Әр ата-ана секілді ұлы ақын да баланы оқытуды жөн санады. Баланы оқытудағы мақсат – ақын тұжырымы бойынша қызмет қылу, шен алу емес. Медресеге біл деп беру – бала танымының кеңеюі, дүниені, ортаны танып, түсінуі деп түйсінеміз.

Білім сөзі ақын қолданысында тек пәнді игеру мағынада ғана емес, әр білім саласының дара ұғымына, өлшеміне ие болып та келеді. Мәселен, ұлы Абай қасиетті сөз киесін құрметтемеуді білімсіз бейшараға балайды.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол – ақынның білімсіз бейшарасы. [1, 486.]

Абайша айтқанда білімді болу – сөздің сарасын сезе білу. Сөзді былғау, ардақ тұтпау орынсыз көсілу – бейшаралық, ақынға тән емес қылық.

Кісімсіген, жеп кетер білімсіз көп,

Жіберсем, өкпелеме көп жамандап,-дейді [1, 496.] «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде. Яғни, адамға жат кісімсіну, ақыл сөзге ынта танытпау, бос мақалдау, тілді мал үшін безеу, сол үшін жанды жалдау, біреуді алдап, біреуді арбау, мақтау өлең айтып, сөз қадірін кетіру, көр-жерді өлең ету, әншейін күн өткізбек ниеттегі әңгімелерді құлай тыңдау, мақтан қуу, мал құмарлық, қусың десе қуану, ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талапты ешкімнің де керек етпеуі, терең ой, терең ғылымды іздемеу, өтірік пен өсекті жүндей сабалау секілді қылықтар күні кешегі заманға орай айтылса да, дәл бүгінгінің тірі, жанды сөзі секілді өз оқырманын толғандырады. Бұл өлең тек қазақ өлеңіне қойылар негізгі талап қана емес, ұлттың назар аударарлық мәселелерінің тұтас бір қыры. Абайша айтқанда, білім тек дүниеуи пәндерді игеру ғана емес, адами қасиеттерге иелік жасай білушілік те.

Нарық заманының қиын-қыстау кезеңінде, ең алдымен, экономикалық, жалпы алғанда, қоңыр тіршіліктің қоңды болуын ғана ойлаған заманда білім алу, оны игеру, ортақ игілікке жарату, тәуелсіздік мүдделеріне қызмет етуде ұлы Абайдың білім жайлы жан-жақты ойларын өз туындылары арқылы ұғына отырып, жүзеге асыру да аса маңызды әрі мәнді тірлік деп білеміз.

«Біреуден-біреу артылса» өлеңінде Абай былай дейді:

Біреуден-біреу артылса,

Өнер өлшеніп тартылса...

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жөндіге жөн келмей,
Білер қайдағы шәрғезді. [1, 64б.]

Абай ұғымында оқыған, білген адам сөз ұғатын, көкірегінде сәулесі жанған жан. Шыны да сол. Алайда, Абай заманы мен қазіргі заманды салыстыратын болсақ, әрине, арасы жер мен көктей. Әйтсе де, ұлы ақынның оқыған, білген адамы нағыз зиялы, білімдарлығы мен адами қасиеттері елдік, бірлік қасиеттерге толы. Рас, қазіргі ХХІ ғасырда оқымаған, мектеп көрмеген, сауатын ашпаған, білімсіз адам мүлде жоқ. Бәрі оқыған. Мектеп көрген. Сауатты. Білімді. Бірақ адам баласы арасында осы өлеңде айтылғандай өнер іздену, яғни, біздіңше, әртүрлі кәсіптің өзі бүгінде шынайы өнерге айналғандығы әмбеге аян. Мінеки, осынау нағыз өнерді ізденетін, игеретін кез енді келді. Қай өнер болмасын, нақтырақ айтқанда, әрбір кәсіп түрін дара өнер деңгейіне көтере алуымыз қажет. Абай осыған меңзейді. Талап болса, білуге, оқуға деген ынта оянса, өзі сүйген өнерін қалап алатындығына ұлы ақын бек сенеді. Данышпан Абай өз шығармаларында «Ісім өнсін десең, ретін тап», – деп кәсіпкерлік туралы да айтқан.[2, 79б.] Кәсіпкерлікке еңбекті насихаттау мақсатында көңіл бөлген. Абайдың арманы – қазақ халқын бай елдердің қатарында көріп, малды адал жолмен тауып баю, басқа біреуге тәуелсіз болу. Бүгінгі кезде, егер еліміз бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан орын алса, Абайдың арманы орындалғаны.

Абай: «Адамды нағыз адам қылатыны – сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, әрекет, – дейді. Осылардың бәрі болса, адам өз-өзімен табыстырады, өзін өзгемен жарастырады, қала берсе, халық игілігіне сай келтіреді. Данышпан Абай біліммен қатар ғылымның пайдасын ерте сезінген. Өзі сүйген еліне оны емірене жеткізген де.

Бір ғылымнан басқаның,

Кеселі көп асқанға, – деп, [1, 66б.] «Мәз болады болысың» атты мақтанға салыну, босқа желігіп шабу, шенді шекпен жапқанға мәз болу секілді шынайы ғылымға жат мінездерін атап көрсетіп, болыстыққа таласу психологиясының терең әрі қитұрқы иірімдерін жасырмай, талдап көрсетеді. Шенеуніктік ішкі құпиялар әлеміне енгізеді.

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз. [1, 67б.]

Абай осылай дейді. Білімдінің талаптыға кез болуы шарт. Абайша ой толғағанда, білімдінің міндетті түрде нұры, сыры болады. Нұры жарық шашады. Сыры тереңге бойлатады. Оны тек көкірегінде көзі бар, санасы сәулелі жан ғана аңғарады, түсінеді, түйсінеді, пайымдайды, байқайды. Білімді адам Абай айтпақшы, «надандай болмас ақ көзді».

Білімдінің көзі көкірегіне орнығады. Маңдайдағы көз – алдамшы, сиқырлы әрі бет перде. Көкіректегі көз – шынайы, нұрлы әрі сәулелі, мөлдір әрі тұнық. Оның не нәрсе болса да, анық та ашық көретіндігіне сенуге әбден болады. Көкірек көзі – ішкі түйсіктің бірі. Ал ішкі түйсік көп жағдайда алдамайды. Дұрыс бағдар сілтейді.

Жалпы алғанда, білім сөзінің білу деген сөзден бастау аларын ескергендіктен, білім сөзі Абай туындыларында жаппай білім алушылықты, сауаттылықты емес, зиялылықты, адами парасат пен пайымдылықты аңғартады. Ақын туындыларындағы білім сөзі сандық көрсеткіш қана емес, сапалы ұғым, адамгершілік категориясымен қабысатын түсінік, тұжырым.

Білгенге маржан,

Білмеске арзан,

Надандар бахра ала алмас, – дейді [1, 68б.] «Серіз аяқ» шығармасындағы өлең жолдары. Білген жан қашанда өз пайдасын, өз үлесін айыра алады. Нарықтық бәсекеде, мемлекеттік мүдде астасқан тұста мәселенің байыбына жете үңілу, мемлекеттік пайданы дөп сезіну – аса қажетті қасиет. Мінеки, Абай өлеңдері мен өзге де шығармалары мемлекеттік идеологиямыздың ұстыны бола алатындығының тағы да бір сыры осында. Ұлттық, мемлекеттік менталитет, ұлттық, мемлекеттік білім мен ғылымның негіздерін Абай туындыларынан еселеп табуға болатындығы да сондықтан.

Дәл осы бір өлеңінің келесі жолдарына тоқталайық:

Білгенге жол бос,

Болсайшы қол бос,

Талаптың дәмін татуға.

Білмеген соқыр,

Қайғысыз отыр,

Тамағы тойса жатуға...

Ғылымды іздеп,

Дүниені көздеп,

Екі жаққа үңілдім. [1, 72б.]

Абай білген мен білмегенді қатар қойып, біріншісінің талапқа, ізденіске серік болатынын, екіншісінің көзі ашық болса да, көңілінің соқыр екендігін, рухани азықтан көрі оны қарын мәселесі көбірек толғандыратынын жұмбақ түрінде емес, сыр сипатында терең әрі тиянақты суреттейді.

Мысалы, «Сәулең болса кеудеңде» өлеңінде ақын былайша толғанады:

Сәулең болса кеудеңде,
Мына сөзге көңіл бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.

«Білгенге – дүние кең, білмегенге дүние тар» демекші, сәулелі дүниеге ие болған жанның сарайы да әсем әрі ғажайып. Білімнің өзі Абайдың ұғымында көңіл көзі ашық, талапты, ынталы, жігерлі, жүрегі жылы, көкірегі ояу жанға ғана қонақтайды. Абайдың ұғымында білімді адам толық адам секілді жан-жақты, яғни қазақи ұғымдағы сегіз қырлы, бір сырлы адаммен сәйкес келеді. Ғылымның өзі де, ақыл, қайрат, жүректің ұштаған бірлігі қамтамасыз етілгенде ғана өз деңгейіне жететінін санаға сіңіреді. [3,76-78б.]

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың, елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақылда ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, – дейді ұлы ақын «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» атты өлеңінде. Білім іздеу, білмекке құмарлық Абай өлеңдерінде жиі кездеседі. Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз. Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында. [5, 1-3 б.]

Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау XIX ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты. Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзіншілдік араласқан кезде бұзылады. [5, 1-3 б.]

Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек керек екенін айтады. Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы. Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Өзі асқа жарымай қиналса да, бір тілім нанын бөлісіп жеуді парыз санаған. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған.

Абай шығармашылығына зер салғанда біздер бүгінгі уақыт тұрғысынан бағамдап, баға берсек, оның білім мен ғылым жайлы ой-пікірлері, көркемдік сөз әлемі әлі де маңызы мен мәнін жоғалтпағанына көзіміз жете түседі. Білім мен ғылымды ұлы Абай бекерге сөз етпегеніне терең түйсінеміз. Келешектің сөзін ту еткен қасиетіне бас иеміз. Қасиеті мен киесі мол ұлағатты сөздерін бойтұмардай сақтап жүруіміздің сыры да осында.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай. «Қалың елім, қазағым». Алматы. - 2002 - 25 б.
2. Абай. Қарасөз. Поэмалар. Алматы - 1993 - 26 б.
3. Машанов А. «Әл-Фараби және Абай». Алматы. 1994. 76-78 б.
4. Ахмерова Е. «Абай және бизнес». - Алматы // Ұлағат №3 Б. - 98 б.
5. Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан». Астана. // Егемен Қазақстан. - 2020 - 1-3 б.